

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1009 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Елшілігі жанындағы әскери атташе Марат Болатұлы Ашықбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімнің мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге қол қою өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - **Тараптар**),

ұзақ уақыттан бері орын алып келе жатқан достық өзара қарым-қатынасты күшейтуге ниет білдіре отырып,

1993 жылғы 23 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және 1994 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери ғылым, техника мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Түрік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне АҚШ долларына баламада 1237500 (бір миллион екі жүз отыз жеті мың бес жүз) түрік лирі сомасында өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмекті беру осы Келісім күшіне енген күннен бастап басталады.

## **2-бап**

АҚШ долларына баламада 1237500 (бір миллион екі жүз отыз жеті мың бес жүз) түрік лирі сомасындағы елеусіз әскери көмек Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық көмек және қызметтер түрінде берілетін болады.

## **3-бап**

АҚШ долларына баламада 1237500 (бір миллион екі жүз отыз жеті мың бес жүз) түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек осы Келісімге сәйкес екі елдің құзыретті органдары жасасатын атқару хаттамаларына сәйкес іске асырылатын болады.

## **4-бап**

Қазақстан тарабы Түрік тарабының алдын ала келісімін алусыз Түрік тарабынан алынған материалдар мен қызметтерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге келісті.

## **5-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім өз әрекетін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген атқару хаттамасына сәйкес ұсынылған материалдық көмекті және қызметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне толық берген сәттен бастап тоқтатады.

## **6-бап**

Осы Келісімді Тараптардың мынадай құзыретті органдары іске асыратын болады:  
қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;  
түрік тарабынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

Құзыретті органдардың ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақытында хабардар етілетін болады.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

2005 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Түрік Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК